

Ленин

Шығуы на
26-шы жыл
№ 256
(6957)
1944 жыл
Сейсенбі
28 декабрь
Жеке саны
20 тыйын

К(б)П Солтүстік Қазақстан Облыстық Комитетінің, еңбекшілер депутаттарының облыстық Советінің және К(б)П Петропавл қалалық комитетінің газеті

Жоғарғы Бас қолбасшының БҰЙРЫҒЫ

3-Украин майданы әскерлерінің қолбасшысы
Советтер Одағының Маршалы ТОЛБУХИНГЕ

Майдан штабының бастығы генерал-лейтенант ИВАНОВҚА

3-УКРАИН майданының әскерлері БУДАПЕШТІң солтүстік-батыс жағында дұшпанның күшті бекіністі қорғану шебін бұзып өтіп, үш күнгі шабуыл кезінде 40 километрдей алға басты.

Шабуылдың барысында майдан әскерлері қатынас жолдарының ірі тораптары және дұшпанның қорғану шебінің аса маңызды тіректі бекіністері—СЕКЕШФЕХЕРВАР және БИЧКЕ қалаларын тік шабуылмен алды, сонымен неміс-венгр әскерлерінің Будапештегі тобының батысқа қарай кері шегінетін негізгі жолдарын кесіп тастады.

Дұшпанның қорғану шебін бұзып өту және СЕКЕШФЕХЕРВАР, БИЧКЕ қалаларын алу ұрыстарында армия генералы ЗАХАРОВТЫҢ, генерал-лейтенант ШЛЕМИННІҢ, генерал-майор ДЕРЕВЯНКОНЫҢ, генерал-майор БИРМАННЫҢ, генерал-майор БИРЮКОВТЫҢ, генерал-майор БОБРУКТЫҢ, генерал-майор ГНЕДИННІҢ, генерал-лейтенант РУБАНИЮКТИҢ, генерал-майор КОЛЧУКТИҢ, генерал-майор ГРИГОРОВИЧТЫҢ, генерал-майор АФОНИННІҢ, полковник ЧИЖОВТЫҢ, полковник ДРЫЧКИННІҢ, полковник БРАНСБУРГТЫҢ, полковник ПАРФЕНОВТЫҢ, полковник КУКСТИҢ, генерал-майор ГОРБАЧЕВТИҢ, генерал-майор БУНЯШКИННІҢ, генерал-майор ЦВЕТКОВТЫҢ, генерал-майор МАРГЕЛОВТЫҢ, генерал-майор КИНДЮХИННІҢ, полковник БАЛДИНОВТЫҢ, полковник БУРИКТИҢ, полковник ДУНАЕВТЫҢ, генерал-майор КАРАМЫШЕВТИҢ, генерал-майор САРАЕВТЫҢ әскерлері; артиллерия генерал-полковнигі НЕДЕЛИННІҢ, артиллерия генерал-майоры ЦИКАЛОНЫҢ, артиллерия генерал-майоры АЛЕКСЕЕНКОВЫҢ, артиллерия генерал-лейтенанты ВОЗНЮКТИҢ, артиллерия генерал-майоры РАТОВТЫҢ, генерал-майор БОБРОВНИКОВТЫҢ, полковник МИХАЙЛОВТЫҢ, полковник ТРЕХНОВТЫҢ, полковник СЛЕПЯКОВТЫҢ, полковник ЛУПАКОВТЫҢ, полковник БОРИСЕНКОВЫҢ, полковник ТАРАСЕНКОВЫҢ, полковник РОМАНОВТЫҢ, полковник ТРАЖДАНКИННІҢ, полковник ЛЕОНОВТЫҢ, полковник КОРОВИННІҢ, подполковник ОЛЕЙНИКТИҢ, подполковник ЧЕПУРИННІҢ артиллерияшылары; танк әскерлерінің генерал-лейтенанты СУХОРУЧКИННІҢ, полковник РУМЯНЦЕВТИҢ, генерал-лейтенант СВИРИДОВТЫҢ, генерал-майор ГОВОРУНЕНКОВЫҢ, полковник ОГНЕВТИҢ, подполковник ГОРДЕЕВТИҢ, подполковник РОГАЧЕВТИҢ, подполковник ГАЕВСКИЙДИҢ танкіштері; авиация генерал-полковнигі СУДЕЦТИҢ, авиация генерал-майоры КАРСАКОВТЫҢ, авиация генерал-лейтенанты ТОЛСТИКОВТЫҢ, полковник ИВАНОВТЫҢ, полковник СМЕРНОВТЫҢ, авиация генерал-майоры ТИЩЕНКОНЫҢ, полковник ТЕРЕХОВТЫҢ ұшқыштары; инженерлік әскерлердің генерал-полковнигі КОТЛЯРДИҢ, инженерлік әскерлердің генерал-майоры ИГНАТОВТЫҢ, полковник ПАВЛОВТЫҢ, саперлері; байланыс әскерлерінің генерал-лейтенанты КОРОЛЕВТИҢ, авиация әскерлерінің генерал-майоры МОРОЗОВТЫҢ, полковник ЕГОРОВТЫҢ, полковник КАТКОВТЫҢ байланысшылары көзге түсті.

Қол жеткен жеңістің хұрметіне, дұшпанның қорғану шебін бұзып өту және СЕКЕШФЕХЕРВАР, БИЧКЕ қалаларын алу ұрыстарында өте-өте көзге түскен құрамалар мен бөлімдер ордендермен наградтауға ұсынылсын.

Бүгін, 24 декабрьде, 20 сағатта Отанымыздың астанасы МОСКВА екі жүз жылдырма төрт зенбіректен жыйырма дүркін артиллерия оғын атып, дұшпанның қорғану шебін бұзып өткен және СЕКЕШФЕХЕРВАР, БИЧКЕ қалаларын алған 3-УКРАИН майданының айбынды әскерлеріне Отанымыз атынан хұрмет көрсетеді.

Дұшпанның қорғану шебін бұзып өту және СЕКЕШФЕХЕРВАР, БИЧКЕ қалаларын алу ұрыстарына қатысқан, Сіздердің басқаруларыңыздағы әскерлерге ұрыс қиындарын өте жақсы жүргізгені үшін АЛҒЫС ЖАРИЯЛАЙМЫН.

Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін ұрыстарда қаза тапқан батырлардың даңқы мәңгі өшпесін!

Неміс басқыншылар құртылсын!

Жоғарғы Бас қолбасшы
Советтер Одағының Маршалы И. СТАЛИН.
1944 жылғы 24 декабрь.

Москва облысына Мемлекеттік Қорғау Комитетінің ауыспалы екі Қызыл туы тапсырылды

Жақын арада Москвада Москва облысының ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің мәслихаты болып өтті. Мәслихат егін-ен мол өнім алғаны үшін және колхоз ал шаруашылығын өркендеткені үшін Москва облысына Мемлекеттік Қорғау Комитетінің ауыспалы Қызыл туларын аптәуіге арналды.

Одақтар Үйінің Колонналы залына колхоздар мен машина-трактор станцияларында таңдаулы адамдары, партия, совет

ұйымдарының басшылары жыйналды.

Советтер Одағының Батыры атағын екі рет алған генерал-майор Фесин еңбекшілер депутаттары Москва облыстық Советінің председатели Тарасов жолдасқа Мемлекеттік Қорғау Комитетінің ауыспалы Қызыл туларын тапсырды.

Москва облысының ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің мәслихатына қатысқандар зор ықпалмен Сталин жолдасқа құттықтау хат қабылдады.

Өзбек ССР Жоғарғы Советінің Президиумына Өзбек ССР Халық Комиссарлары Советіне Өзбекстан К(б)П Орталық Комитетіне

Өзбек Советтік Социалистік Республикасының құрылғанына 20 жыл толған күні БК(б)П Орталық Комитеті мен ССР Одағы Халық Комиссарлары Советі Өзбекстанның жұмысшыларына, колхозшылары мен интеллигенциясына туысқандық сәлем жолдайды.

Совет революциясы Өзбекстан еңбекшілерін эмирлердің, байлар мен патша чиновниктерінің құлдығынан азат етіп, өзбектердің ұлт мемлекетін орнатты, өзбек халқы көп ұлтты қуатты Совет мемлекетінің басқа халықтарымен бірге мығымас берік туысқандық одаққа біріктіріп, өзбек халқының шаруашылығы мен мәдениетінің көркеюіне жол ашты.

Совет өкметінің жылдарында өзбек халқы ұлы орыс халқының көмегімен, большевиктер партиясының басшылығы арқасында шаруашылық және мәдениет құрылысының барлық салаларында зор табыстарға жетті. Бытыраңқы, мешеу қалған Усақ ауыл шаруашылығы бар елден Өзбекстан социалистік ірі механизацияланған ауыл шаруашылығы бар елге айналды. Өзбекстанда жерді суландырудың өркендеген жүйесі жасалды. Өзбек Советтік Республикасы елімізде мақта өсірудің аса маңызды қорына айналды. Өзбекстанда жаңадан ірі өнеркәсіп құрылды.

Өзбек халқының ғасырлар бойы мәдениеттен артта қалушылығы жойылды, түрі Ұлттық, мазмұны социалистік алдыңғы қатарлы мәдениеті гүлденді. Республикада жалпыға бірдей бастауыш оқу ісі жүзеге асырылды. мыңдаған мектептер, көптеген

емдеу мекемелері, жоғары дәрежелі оқу орындары, театрлар, музейлер салынды, ғылым Академиясы құрылды. Өзбек халқы өз ортасынан сансыз көп кадрлар—мұғалімдер, жазушылар, көркем өнер қайраткерлері, инженерлер, дәрігерлер оқытушылар, агрономдар тәрбиелеп шығарды.

Советтер Одағының фашистік Германияға қарсы Отан соғысында Өзбекстан еңбекшілері өзінің Советтік Отанына шексіз берілгендігі мен сүйіспеншілігін көрсетті. Өзбек халқының ұлдары совет мемлекетінің намысы мен тәуелсіздігі үшін отан соғысы майдандарында жауға қарсы қаһармандықпен күрес жүргізуде. Өзбек Советтік Социалистік Республикасының жұмысшылары, колхозшылары мен интеллигенциясы майданға көмектесу жолында жанқиярлықпен еңбек істеуде.

БК(б)П Орталық Комитеті мен ССР Одағы Халық Комиссарлары Советі Советтер Одағының барлық халықтары сияқты өзбек халқы өзінің Отан алдындағы борышын аброймен орындайды және өзінің барлық күшін неміс-фашист басқыншыларды талқандау ісін аяқтау жолында, Советтер Одағының шаруашылығы мен мәдениетін барған сайын өркендету ісіне жұмсайды деп қатты сенім білдіреді.

Өзбек Советтік Социалистік Республикасы жасасын!

Неміс басқыншылар құртылсын!

ССР Одағы Халық Комиссарлары
Советі.

БК(б)П Орталық Комитеті.

СОВЕТ ХАБАРШЫ БЮРОСЫНАН 23 ДЕКАБРЬДЕГІ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

23 декабрьде Венгрия жерінде, ДЬЕНДЬЕШ қаласының солтүстік жағында әскерлеріміз таулы-орманды жерде күйіп жатқан жерде қайратты маңайда, КРИШИКАТОР, САЛАЙКА, ИШТЕНМЕЗЕНЕ, ВАРАСО, ЕРДЕКЕВЕНД, ИВАД, НАЧУЙФАЛУ, КАЗАР, ВИЖЛАШ, ПУСТА-КРАКО, ТОТ-МАРОКХАЗА қыстақтарын алды. 23 декабрьдегі ұрыстарда ДЬЕНДЬЕШТІң солтүстік жағында әскерлеріміз немістер мен венгрлердің 1050 солдатты мен офицерін қолға түсірді.

БУДАПЕШТІң солтүстік жағында әскерлеріміз қатты ұрыстар жүргізгеннен, Чехословакияның ШАХЫ қаласы мен ДУНАЙ аралығындағы таулы-орманды аудандар өтіп, ИПЕЛЬ өзеніне жетті. Мұнымен қатар, БЕРНЕЦЕ, НАДЬБЕРЖЕНЬ, КОШПАЛЛАГ, ИПОЛИТЕЛДЬЕШ, ЛЕТКЕШ, ЛЕЛЕДХТИДИ, МАРИА НОСТРА, СОБ, ЗЕБЕГЕНЬ, НАДЬ-МАРОШ қыстақтары мен НАДЬ-МАРОШ, ЗЕБЕГЕНЬ темір жол станцияларын алды. ШАХЫ қаласының батыс жағындағы ауданда әскерлеріміз дұшпанның ірі танк құрамаларының қарсы атакаларын ойдағыдай тойтарып, жауды адам күші және техника жағынан орасан көп шығынға ұшыратты.

БУДАПЕШТІң оңтүстік-батыс жағында, СЕКЕШФЕХЕРВАР қаласы ауданында әскерлеріміз шабуылға шығып, дұшпанның ірі танк және жаяу әскер құрамаларына қарсы қатты ұрыстар жүргізді.

Майданның басқа учаскелерінде барлау жүргізілді және жергілікті маңызы бар ұрыстар болды. 22 декабрьде әскерлеріміз немістердің 107 танкін қыйратты, жойды. Әуе ұрыстарында және зенит зенбіректен дұшпанның 59 самолеті атып түсірілді.

24 ДЕКАБРЬДЕГІ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

24 декабрьде Венгрияда ДЬЕНДЬЕШ қаласының солтүстік жағында әскерлеріміз СИЛАКСО, ДОМАХАЗА, СЕДЕРКЕНЬ, МАТРАНОВАК, ХОМОК-ТЕРЕНЕ, МАТРА-СЕЛЕ, КОЛИХАЗА, КЕШФАЛУИД қыстақтары мен ХОМОК-ТЕРЕНЕ темір жол станциясын алды. 23 декабрьдегі ұрыстарда әскерлеріміз осы ауданда немістер мен венгрлердің 1430 солдатты мен офицерін қолға түсірді.

Чехословакия жерінде, ШАХЫ қаласының солтүстік және солтүстік-батыс жағында әскерлеріміз ЛЕВИЦЕ қаласы мен тоғайлы темір жол станциясын, сол сияқты 40тан аса басқа елді жерді, оның ішінде ПЛАШТОВЦЕ, МОРАВЦЕ, НАДОШАНИ, ЖЕМБЕРОВЦЕ, ГУРЦА, КОШКАНИ, МЫТНЕ ЛУДАНЫ, ЖЕМЛЯРИ, ГОНТЛЯРМОТКИ, ОРОС, ВЕЛИКИЙ ПЕСЕК, АГОТА, ДЕМАДИЦЕ, САЗДИЦЕ, ПЕРЕСЕЛАНИ үлкен қыстақтары мен ТОМПА, СЛАТИНА темір жол станцияларын алды. Мұнымен қатар ШАХЫ қаласының батыс жағында әскерлеріміз дұшпанның ірі танк құрамаларының қарсы атакаларын ойдағыдай тойтарып, жауды адам күші және техника жағынан орасан көп шығынға ұшыратты.

3-УКРАИН майданының әскерлері БУДАПЕШТІң оңтүстік-батыс жағында дұшпанның күшті бекіністі қорғану шебін бұзып өтіп, үш күнгі шабуыл кезінде 40 километрдей алға басты.

Шабуылдың барысында майдан әскерлері қатынас жолдарының ірі тораптары және дұшпанның маңызды тіректі қорғану бекіністері—СЕКЕШФЕХЕРВАР, БИЧКЕ қалаларын тік шабуылмен алды, сөйтіп неміс-венгр әскерлерінің Будапештегі тобының батысқа қарай кері шегінетін негізгі жолдарын кесіп тастады. Майдан әскерлері басқа да 160 елді жерді, оның ішінде МАРТОНВАШАР, ПАЗМАНД, ЛОВАШ-БЕРЕНЬ, ПАТКА, ПАКОЗД, САБОД-ФАЛУ, БАТЬЯН, УРХИДА, ТАЦ, ФЮЛЕ, ТАРНОК, УЙФАЛУ, ВАЛЬ, ВЕРТЕШАГА, ШАШКУТ, ЕТЬЕК, ТАБАЙД, ФЕЛЬГУТ, ВЕТЕШБОГЛАР, БОДМЕР, ВЕРТЕШ, КОЗМА, ТОРБАДЬ, ОБАРКО, СААР үлкен қыстақтары мен САБАД-БАТЬЯНИ, ЧАЛА, ПАТКА, ЛОВАШТЕРЕНЬ, ВЕРТЕШАЧА, ВЕРТЕШБОГЛАР, АЛЧУТ-ФЕЛЧУТ, ХЕРУЕГХАЛОМ, ТАРБАДЬ темір жол станцияларын ұрыспен алды.

Декабрьдің 21нен 23не дейінгі шабуыл ұрыстары кезінде 3-УКРАИН майданының әскерлері Будапештің оңтүстік-батыс жағында немістер мен венгрлердің 3200 солдатты мен офицерін қолға түсірді.

Майданның басқа учаскелерінде барлау жүргізілді және бірнеше жерде жергілікті маңызы бар ұрыстар болды.

23 декабрьде әскерлеріміз немістердің 177 танкін қыйратты, жойды. Әуе ұрыстарында және зенит зенбіректен дұшпанның 54 самолеті атып түсірілді.

(Жалғасы 2-бетте).

Совет Хабаршы бюросынан

24 ДЕКАБРЬДЕГІ УРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

(Басы 1-бетте).

Чехословакияда Шахы қаласының солтүстік және солтүстік-батыс жағында әскеріміз урыспен алға басты. Совет бөдері немістердің қарсылығын жеңе отырып, Левице қаласы мен тағы басқа бірнеше қыстақтарды алды. Дұшпан Шахы қаласының батыс жағына танктерінің ірі жыйнап, әскерлеріміздің алға басуы тоқтатуға әрекеттенді. Немістер әлсізше рет қарсы атақа жасады. Танкшіміз, артиллерияшыларымыз бен жаяу әскерлеріміз гитлершілдердің қарсы атаканын ойдарыдай тойтарып, оларды орасан шығынға ұшыратты. Н. атқыштар бөлімі жауынгерлері бір ауданда дұшпан бір топ әскерлерін қоршап алды, нәтижесінде 500дей гитлершілдер қытып, жаудан 300ден аса адам қолға ірілді. Бөлімшелеріміз екінші бір ауданда венгр жаяу әскерлерінің батальонын қыстақтарға шабуыл жасады. Кешкіре венгр батальонынан қалған адам командирі және штабымен бір-қолға түсірілді.

Украин майданының әскерлері Будапештің оңтүстік-батыс жағында шабуылға қтты. Дұшпан бұл учаскеде қатты қорғауға әзірленген. Соңғы уақытта немістер теген танктерін, бірнеше бригадасын, біректіріп, көптеген артиллериясы мен ау әскерлерінің ірі күшін алып келді. Әскерлеріміз дұшпанның күшті бекіністі ғану шебін бұзып өтіп, үш күнгі шабуыл кезінде 40 километрдей алға басты. Ет бөлімдерінің қыймыл жасауы жау шебіне артиллериядан оқ жаудырып, авиациямыздың шабуыл жасауымен бастал. Артиллерияшыларымыз бен минометеріміз немістердің қорғану бекіністерін қандады. Совет авиациясы күн райы қолайсыз болуына қарамастан жауды бомбалады. Оқ жаудыра шабуыл аудың ізінше совет жаяу әскерлері ата шықты. Жауынгерлеріміз шабуылдың шқы күнінің өзінде немістердің қор бекінісінің алдыңғы шебін алып, жау қорғану шебінің түкпірінде урысты деністірді. Әскерлеріміз табысты да а отырып, дұшпанның бекіністі ауданы сыртқы және ішкі жағына қарай

ЖҰМЫС ҚАРҚЫНЫ КҮШЕЮДЕ

«Ожхимик» қол өнершілер артелінің жетпіс екі балхаш мыс комбинаты қол өнершінің үндеуін зор ықласпен қарсы алды. Жылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау үшін социалистік жарысты кені өрістетті. Сөйтіп, декабрь айының 20 ік өндірістік жоспарын едәуір арты орындап, жоспардан тыс 20000 сом көпшілік қолды бұйымдарын өндірді. Оларғы илеу цехының жұмысшыла қылдық жоспарды артық орындау қажірлі еңбек істеп, тапсырманы әр артығымен орындап жүр. Цех жұмысшылары өздерінің өнегелі жұмыс істе

лға басты, сөйтіп, Секешфехервар қаласының көшелеріне басып кірді. Гитлершілдер тас үйлерге бекініп, жанталаса қарсылық көрсетті. Совет жауынгерлері әрбір үйді, әрбір көшені жаудан сақтап қалу үшін тырысты. Қатты көше урыстарының нәтижесінде әскерлеріміз неміс гарнизонын талқандап, Венгрияның өнеркәсіп және темір жол орталығы—Секешфехервар қаласын алды.

Велице көлінің солтүстік-шығыс жағында совет әскерлерінің шабуылын тоқтатуға тырысып, дұшпан таик дивизиялары асығыс түрде алып келді, сөйтіп оларды келген бетте ұрысқа қосты. Әскерлеріміз немістердің қарсылығын жеңе отырып, бүгін жауға қауырт соққы берумен Бичке қаласын алды. Бичке қаласының алынуымен Венгрияның Будапешт қаласын Австриямен байланыстыратын маңызды темір жол мен тас жол кесіліп тасталды. Сонымен, әскерлеріміз неміс-венгр әскерлерінің Будапештегі тобының батысқа қарай кері шегінетін негізгі жолдарын кесіп тастады. Шабуылдың барысында майдан әскерлері 160тан аса елді жерлерді, оның ішінде Венгрия астанасының батыс жағында 12 километр жердегі Торбаль темір жол станциясын алды.

Урыстардың барысында Будапештің оңтүстік-батыс жағында дұшпан орасан көп шығынға ұшырауда. Әскерлеріміз тек соңғы бір күннің ішінде немістердің 130 танкі мен өздігінен жүретін зеңбірегін қыйратты, өртеді. Бір аэродромда немістердің 54 бүтін истребители қолға түсірілді. Мұның үстіне, немістерден 19 паровоз және 600ден аса вагон, оның ішінде ок-дәрі тиеген 100 вагон қолға түсірілді. Дұшпанның талқандалған бөлімдері кері шегініп бара жатып артиллерия батареялары мен түрлі соғыс мүлкін тастап кетуде.

Қызылтулы Балтық флотының авиациясы 22 декабрьде немістердің Либава портындағы транспорттарын бомбалады. Бомбалап тіке соққы беру нәтижесінде дұшпанның 2 жүк кемесі мен 2 күзет кемесі суға батырылды.

Виндава портында флот ұшқыштары немістердің 8 мың тонналық транспортын суға батырды.

гені үшін артель басқармасының ауыспалы Қызыл туына ие болды.

Тері илеу цехының коллективі күнделік жұмыс мөлшерін 150 процент орындауға міндеттенген еді. Олар бұл міндеттемелерін аброймен орындады. Цех декабрь айының өндірістік жоспарын 113 процент орындады.

Артель стахановшысы Оразбаев, Омаров, Будаков жолдастар жауды бір жола талқандау сағатын тездету үшін соғыс талабына сай еңбек істеп, тапсырманы бір жарым есе артығымен орындап жүр.

Е. ИМАНБАЕВ.

439 мың сомның продукциясы өндірілді

тропавддың нан комбинаты жылдық арманы мерзімінен бұрын орындап, ардан тыс 439 мың сомның продукция өндірді.

яхтина жолдастың басқаруындағы жол-жастар бригадасының мүшелері

жұмыс мөлшерін үнемі 150-170 процент орындайды. Носова, Шебаловский және Добгих жолдастардың басқаруындағы бригадалар да жұмыс тапсырмасын әрдайым артығымен орындауда.

З. АЙСИНА.

САБОТАЖШЫ ЖАУАПКА ТАРТЫЛДЫ

тябрь ауданындағы «Жаңа талап» озы егінді уақытында жыйнап алма. Қолхоз председатели Нұртазин қастайбаракаттыққа салынып, астықтың жақ ұшырап, талап-таражға салынуы қол берді. Қолхоз басшылары өз хатеріне жұмсау үшін 24 центнер астық

ты жасырып қойған. Осылардың салдарынан колхоз мемлекетке астық тапсыру жоспарын 60 процент ғана орындады.

Осы қылмыстары үшін колхоз председатели Нұртазин орнынан алынып, партия қатарынан шығарылды, сөйтіп оның ісі сотқа берілді.

БАТЫС ЕВРОПАДАҒЫ СОҒЫС ҚҰЙМЫЛДАРЫ

ЛОНДОН. 23 декабрь. (ТАСС). Одақтастардың Европадағы әскерлерінің жоғарғы командованиясі штабының хабарында былай делінген:

Моншау ауданында одақтастар әскерлері жергілікті маңызы бар урыстар жүргізу де болды. Бұл ауданда айтарлықтай өзгеріс болған жоқ. Гофонға таяу жерде дұшпан біраз алға басты. Ставло ауданында дұшпан шепті бұзуға жаңадан әрекет жасай алмады. Майданның солтүстік бөлегінде немістер Сен-Вит, Ставло және Мальмеді аудандарына қысым жасаумен болды. Үш қаланың бәрі де одақтастардың қолында тұр. Бастоньді солтүстік жақтан орап алған дұшпанның әскер тобы Ларошқа жетті. Бұл ауданда урыстар болып жатыр. Вильц-Бастонь ауданында дұшпан кеңінен ұрыс жүргізді. Вильц қоршауға алынды, сөйтіп дұшпан қалада ұрыс жүргізіп жатыр. Бастоньдің солтүстік, оңтүстік және шығыс жағындағы жолдарды кесіп өту мақсатында неміс танктері ілгерілеп барады. Жаудың әскерлерінің кейбір отрядтары Бастоньдің ту сыртына шығып, батысқа қарай ілгерілеп барады.

Эхтернах ауданында жағдай жақсарды. Эхтернахтың батыс және оңтүстік жағындағы Диквейлер, Освейлер және Бердорф ауданында дұшпанның алға басуы тоқтатылды. Сааргемиондтің шығыс жағындағы ауданда одақтастар Уттвейлерді алды.

Әуе райының қолайсыз болуы авиацияның қыймыл жасауына кедергі келтірді.

ЛОНДОН, 23 декабрь. (ТАСС). Одақтастардың Орта теңіз соғыс майданындағы әскерлері штабының хабарында былай делінген: Италияда, Ваньякаваллоның солтүстік-батыс жағында дұшпан қатты қарсылық көрсетіп тұр. Сазенцаның солтүстік жағында 8-армияның бөлімдері Ламоне және Семно өзендерінің аралығында алға басып барады. 5-армияға қараған америка бөлімдері Валоньдің оңтүстік жағында 8,5 миль жерде жергілікті маңызы бар табысты ламытты.

Майданның басқа учаскелерінде күзет әскерлері белсенділікпен қыймыл жасауда болды.

Одақтастар авиациясы дұшпанның Италиядағы соғыс орындарына шабуыл жасады.

Француз Кеңес Ассамблеясы совет-француз шартын мақұлдады

ПАРИЖ, 22 декабрь. (ТАСС). Кеңес Ассамблеясының мәжілісінде сыртқы істер министрі Жорж Бидодан соң, Марсель Кашен мен Голль Бонкурдың сөз сөйлеп, Франция—Совет шартының жасалуын құттықтағандығын Франс Пресс агенттігі хабар етті. Андре Филипп социалистер партиясының шартты мақұлдағандығын мәлімдеді. Сол сыяқты Пьер Кот, қарсылық жасау майданы Ұлт Советінің Председатели Мютер және басқалар жарыссөз сөйледі. Председатель шет ел істері жөніндегі Ко

миссия ұсынған сенімнің жобасын оқып етіртті. Бұдан соң генерал де Голль сөз сөйледі. Бұдан соң сенімнің жобасы қабылданды. Жобада былай делінген:

«Уақытша Кеңес Ассамблеясы, Франция Республикасы Уақытша Үкіметінің Басшысы мен сыртқы істер министрінің құттықтайды және Ассамблея бұл шартты толық мақұлдайды. Ассамблея бұл шарттың қазіргі жағдайда аса маңызды ес болып отырғандығын білдіреді».

Грециядағы жағдай

ЛОНДОН, 22 декабрь. (ТАСС). Лондон радиосының хабары бойынша, Афиныдағы ағылшын әскерлері бүгін қаланы партизан бөлімдерінен тазартуда болды. Пирейдағы ағылшын әскерлері кеме тоқтайтын жерлер ауданын алып тұрған Элас партизандарына қарсы ұрыс жүргізді. Ағылшын әскерлері десант баржаларымен Пирей портына өтіп, теңіз жағалауына әскер тұсірді, сөйтіп қазіргі күнде олар алға басуда. Порт төңірегінде қыймыл жасаушы ағылшынның екінші бір әскер бөлімдері

склад аудандарына бекінген Элас партизандарының қатты қарсылығына кез болуда.

Афинының оңтүстік жақ төңірегіндегі Элас партизандары өздерінің қатынас жолдарынан қол үзбеу үшін солтүстікке қарай алға басуға тырысуда. Ағылшын әскерлері түрмені алды. Партизандарға қарсы ұрыс қыймылдарын кеңінен өрістету туралы генерал Скоби бұйрық шығарғаннан кейін Элас партизандары Афиныда оқ туды тоқтатты.

Тынық мұхиттағы соғыс

ЛОНДОН, 21 декабрь. (ТАСС). Одақтастардың Тынық мұхиттың оңтүстік-батыс бөлегіндегі әуе күштерінің бірлескен командованиясі штабының хабары бойынша, Лейте аралында (Филиппин аралдары) Жапония әскерлерінің ұйымдасқан түрде қарсылық көрсетуі тоқтатылды. Жапондардың қолында бірнеше қарсыласу тораптары қалып отыр.

Германияда адамдарды өлім жазасына тарту

ЛОНДОН, 21 декабрь. (ТАСС). Гитлершілдердің «Лаге» газеті Германия заң министрінің мақаласын жариялады. Мақалада Германияда адамдарды өлім жазасына кесудің көбейіп отырғандығы туралы ресми мәліметтер келтірілген. Гитлершіл министрдің есебі бойынша, бұл шараның өршу жайы мынадай болған: 1941 жылы Германияда 2921 адам, ал 1943 жылы 5360 адам жазалап өлтірілген. Гитлер бұлардың көпшілігін мемлекетке опасыздық жасау жөнінде сезікті болғаны үшін және соғыс шаруашылық тәртіпті бұзып, соғыс заңдарына қарсы әрекет жасағаны үшін дарға асып өлтірген.

Бавариядағы толқушылық туралы хабар

СТОКГОЛЬМ, 22 декабрь. (ТАСС). Баварияда жаппай толқушылық етек алып отырғандығы туралы 19 декабрьде кешкілікте Берлинге дерек түскендігін «Афтондидинген» газеті хабар етті. Бұл толқушылықтың етек алуына «Фольксштурм» журналының батыс майдандағы урыстарға қатысып жүрген Бавариялық батальондардың орасан зор шығынға ұшырауы туралы хабарлар себепкер болып отыр. Толқушылық жайында анық мәлімет әлі түскен жоқ. Бірақ Баварияның көптеген жерінде шайқасушылық салдарынан қантөгіс болған. Бұл хабарлардың бәрі ресми түрде өтірікке шығарылды. Алайда өкмет орындары Мюнхенде (Баварияның негізгі қаласы) радиостанцияның жұмысы бір неше сағат бойына тоқтатылғандығын мойындады.

Гитлерге тағы да қастық жасалуы туралы хабар

ЛОНДОН, 21 декабрь. (ТАСС). Рейтер агенттігі, Гитлерге тағы да қастық жасалғандығы туралы Берлинде хабар таратып отырғандығы жайында Швецияның «Афтонбладет» газеті хабарын берді.

Жауапты редактор

Ө. ОСПАНОВ.